

Г.С. Касбаева^{1*}, Бюлент Шенай², Р.А. Кемербай¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Улудаг университеті, Бурса, Түркия

(E-mail: gkasbaeva@mail.ru, bshanay@uludag.edu.tr, ra2030@mail.ru)

Мәдениеттегі менеджмент және халықаралық мәдени кеңістікке интеграциялану

Мақалада мәдениеттегі менеджмент және халықаралық мәдени кеңістікте интеграциялану мәселесі бойынша ғылыми және тәжірибелік зерттеу жұмыстары қарастырылған. Қазіргі жаһандану заманында ұлттар мен елдер арасындағы достық пен сыйластық, өзара ынтымақтастық жолға қойылып, ең алдымен, мәдени байланыстарды білім арқылы орнатып, мәдени қарым-қатынастың тамырын тереңдету маңызды қадамдардың бірі. Мәдениеттердің заманауи интеграциялануы барысында қалыптасатын жаһанданған мәдениеттің негізгі сипаттары ретінде осы мәселені зерттеушілер мәдениет құбылыстары мен феномендерін қамтитын белгілі бір кеңістіктегі масштабты қарастырады. Жаһандану жағдайындағы қазақстандық мәдениет менеджментінің сәтті интеграциялық процестерге енуі үшін арнайы стратегиялық қадамдар анықталып, мемлекеттік деңгейде тиісті нормативті-құқықтық шаралар қабылданып, мақаланың басты мақсаты мәдениеттегі менеджмент және халықаралық мәдени кеңістікке интеграцияланудың әсерін, әрі маңыздылығын жеткізу. Кез келген мемлекет өз кезегінде өздеріне тиесілі құндылықтарды қорғауға үлкен назар аударады, себебі мемлекеттік тұрғыдан басқа институттардың дәл осы мәселелерді шешуге деген құзырының жоқ екендігін түсінеді. Келешек бүгіннен құралатынын ескерсек, осы саланың қарқын алуы біздің қолымызда, ал тиімді басқару өз кезегінде болашақта елді рухани тұрғыдан бекітіп қана қоймай, экономикалық қазынасы ретінде ілгері жүруімізге түрткі болатын, әділетті Қазақстанды құрайтын бірден бір құралы екенін анықтаймыз. Мәдениеттегі менеджмент саласының басты құзыреті республика көлемінде мәдени іс-шаралар жоспарын ұйымдастырып қана қоймай, мәдени құндылықтарды насихаттауы заңды құбылыс.

Кілт сөздер: Қазақстан, халықаралық мәдениет, мәдени кеңістік, жаһандану, интеграция, менеджмент, ұлт, өркениет.

Kipicne

Жаһандану аясында жер бетіндегі өркениеттің барлығы дерлік ерекше бір интеграциялық процессті басынан өткеруде. Мұндай интеграциялану бір жағынан жақсылықтың нышаны болғанымен, өз кезегінде болашақ ұрпақтың санасын ұлап, ұлттық бірегейлігін жоюы мүмкін. Осындай алып процесстің өтуі барысында жекелеген мәдениет жүйелері бірінен-бірі үйреніп, бірінен-бірі жақсысын алуға ұмтылып жатқаны да белгілі. Бұл — өркениеттер мен мәдениеттер интеграциясы. Бұл — заман талабы!

Барлық қоғамда мәдениет жүйесі қоғамдағы басқа жүйелерден тысқары өмір сүре алмайды. Әрбір ұлттың мәдениеті ұлттық салт-дәстүрмен, әдебиетімен, тарихымен өріле қалыптасатыны белгілі. Яғни, мәдениеттер интеграциясы мәдениеттердің бір-бірімен жай ғана біріге салған қосындысы деп түсінбеу керек. Жалпы мәдениет жүйесі ерекше бейімделу мен иілу, бірақ сынбау, басқа мәдениетпен қосылу, бірақ жұтылып кетпеу қасиетіне ие болып келетін айрықша жүйе ретінде танылады. Бұл қасиеттер ұлттық мәдениеттің интеграциялану барысында өзіне тән өзгерістерге ие болып, қазақы мәдени жүйенің одан әрі байи түсуін қамтамасыз ететін қуаты бар асыл құндылықтар.

Менеджмент процесінде, мәдениет саласын басқаруда интеграциялық процестер үлкен орын алатыны белгілі. Интеграция — дегеніміз жекелеген жүйелердің, элементтердің, компоненттердің өзара келісе, үйлесе отырып белгілі бір форманың аясына енуді білдіреді. Мәдениет интеграциясы — мәдениеттердің қарапайым қосындысы деуге келмейтін ерекше болмыс. Онда телекоммуникациялық инфрақұрылымның, көлік құралдарының және басқа факторлардың өсуі мен дамуының әсерінен мәдениеттердің, экономика мен экономикалық қызмет түрлерінің жақындасуы, өзара ену процесі жүріп жатады [1; 258]. Мәдениеттегі интеграция мәдениеттер диалогы, яғни бұл бір мәдениеттің адамдары өз мәдениетін сақтай отырып, басқа мәдениетті қабылдауы десе де болады.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gkasbaeva@mail.ru

Бір жағынан жаһандану мен интеграцияның ұғымдық мағынасын қарастырғанда синонимдер іспеттес. Бұндай ұстаным әсіресе жаһанданушыларға (саяси саладағы) тән, өйткені олар жаһандануды біртұтас объективті және тұрақты процесс ретінде көреді. Екінші жағынан жаһандануды интеграцияға қарама-қарсы, яғни экономикалық, мәдени сала көмегімен танылған процесс ретінде көреміз. Бірінші жағдайда кейбір қоғам өкілдері жаһандануды адамзат үшін игілікті десе, екіншісінде қоғамға әкелетін XXI ғасырдың індеті деп те жүр. Қазіргі қоғам алдында осы екі мәселені оңтайлы шешу үшін жоғарыда аталған процестерді дербестіктен айырмай, оларды біріктіру арқылы өзара байланыстырып, үйлестіруге ұмтылғанмыз жөн.

Зерттеу әдістері

Мәдениет пен жаһандану мәселесі — философия, мәдениеттану, тарих пен саясаттану салаларында жиі талқыланатын тақырып. Бұл мақаланың түйінді терминдері «жаһанданып жатқан мәдениет», «жаһандану», «жаһандық қала», «жаһанданудың перспективасы», «ғаламдық ауыл» ұғымдарына, жаһандану кеңістігіндегі жаңашылдықтар мен мәдениеттің жаһандану аспектілеріне феномендік құбылыс ретінде талдау жасалды. Сонымен қатар, шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жаһанданудың негізгі мәселесі мен мәдениеттегі менеджментті мәдени тұрғыда сипаттаған бірқатар ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдары жалпы гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын пәнаралық, тарихи-логикалық, герменевтикалық тәсілдер арқылы көрініс тапты.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Қазақстан Республикасының ТМД, еуропалық және шығыс елдерімен, басқа да елдермен мәдени қарым-қатынас орнатуы, мемлекетіміздің мәдени саясатын дамытып, креативті индустриясын жетілдіру арқылы әлемдік кеңістікке шығуды мақсат етуі қазақ елі үшін игі қадам деп түсінеміз. Осы тұста білім беру саласындағы бір ғана «Болашақ» бағдарламасының мәдениеттегі интеграциялық тұрғысынан қарағанда әлеуеті зор екенін атап өткеніміз жөн. Бұл бағытты Қазақстанның басқа елдермен мәдени байланысын білімді тірек ете отырып нығайтуға қосатын үлесі зор деп түсінеміз. Осындай көптеген игілікті қадамдар Қазақстан Республикасының мәдениет интеграциясы бойынша жүйелі жұмыс жасап келе жатқан әлеуетін танытады.

Қазақстанның тарихи жүріп өткен жолындағы, қазіргі кездегі қазыналы мәдени құндылықтары ел ішіндегі көпұлтты қоғамымыздың қазақстандық рухани әлемін қалыптастыруға, біртұтас елдік санасын қалыптастыруға қуаты жетеді деп айтуға негіз бар. Сонымен бірге, сыртқы елдермен геосаяси, геомәдени сипаттағы қарым-қатынас жасауда сапалы, тәрбиелік қуаты көптеген жылдарға жететін рухани тетіктері берік жүйе болуы қажет екені анық. Шетелге шығып, кезекті қысқа мерзімді іс-шара өткізіп, сол арқылы мәдениет интеграциясына үлес қосудың сапасы мен жүйелі мәдениет интеграциясын қалыптастырудың сапасы екі түрлі болатыны белгілі.

Жаһандану процесіндегі мәдениет туралы зерттеушілер Абдеррахман Хасси, Джованна Сторти мәдениеттің жаһандану барысындағы өзгеріске ұшырауын үш сценарий бойынша жүріп өтеді деп, авторлық талдауларын ұсынады:

- гетерогенизациялық сценарий; бұл сценарий бойынша автор мәдениеттердің дифференциациялана отырып, әртекті мәдениет жүйесінің біркелкі ортақ талаптарға бағына отырып бірігуі жүреді деп атап көрсетеді:
- гомогенизациялық сценарий; бұл жол бойынша мәдениеттің жаһандануы жүруінде мәдениеттердің тоғыса келіп, біртекті мәдени әлем құруға бетбұрыс жасауы айтылады;
- гибридік сценарий; бұл сценарий бойынша транслокалдык бірігу мен мәдениеттердің араласуында жоғары екі сценарийдің де элементтері орын алады. Соның нәтижесінде кей жағдайда мүлде жаңа мәдениет туындауы мүмкін. Ішкі және сыртқы мәдениеттердің тоғысуын мәдениеттанушы ғалымдар аралас ұлттардан құралған отбасы құрылуымен байланысты қарастырады. Авторлар басқа ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, мәдениетаралық араласудың, интеграцияның тамыры тереңде жатқанын да мысалдармен келтіріп өтеді [2].

Мәдениеттің жаһандануы мәселелерін феномендік құбылыс ретіндегі қарастырған ғалымдар бұл процестің оң жағы мен теріс жағы бар екенін айтады. Мәдениеттің жаһандануы XX ғасырдың аяғына дейін локальды түрде, кейін аймақтық мәдениеттік өркениет түрінде дамып келсе, XXI ғасырдың басынан бері мәдени диалог жалпыпланетарлық масштабты қамтып келеді және күн артқан сайын оған қосылып отырған басқа халықтар саны да артып келеді. Бұл процестің мәнін мақала авторы Американың елтаңбасындағы «E Pluribus Unum» — «Сан түрліліктен — бір тұтастық» деген парадигма бо-

йынша біртұтас елге айналған Америка Құрама Штатының мемлекет болуын үлгіге ала отырып талдау жасайды [3; 383].

Әрине, бұл бағытты қолдайтындар мен қолдамайтындар барын да атап кету керек. Өйткені мәдениеттің жаһандануы тұптамырдағы ұлттық құндылықтардың, тілдің, мәдениет жүйесінің дағдарысқа түсуінің де себепкері болуы мүмкін [4; 15], – деген тұжырымымен келісеміз.

Заманауи мәдениет кеңістігінің қалыптасуындағы байқалатын ерекшеліктердің жаһандану процесімен байланысты екендігі анық, дегенмен, мәдениеттегі интеграцияның барлық уақытта болып отырғанын «Қазақ хандығының» құрылып, қалыптасып, дамып, жетіліп, қазіргі Қазақстан Республикасы дәрежесіне жеткенге дейінгі жолынан да көреміз. Бостандық сүйгіш, еркіндік сүйгіш қазақтың ата-бабасының жаман басшылықтан кетіп, жаңа мемлекет құруға деген ұмтылысы тек тарихи тұрғыдан ғана емес, мәдениет интеграциясының феномендігі тұрғысынан да қарастырылуы қажет деп ойлаймыз.

Мәдениет интеграциясының жаһандану процесімен тығыз байланысты болуының бір жолын ақпараттық жаһанданумен байланыстыра қарастырамыз. Бұл тұста Михаил Лермонтовтың мәдениетті басқару саласының дамуын, мәдениеттің интеграциялануын жаңа ақпараттық технологияның дамуымен тығыз қарастырған зерттеуін атауға болады. Оның айтуынша, макроконтенттік жүйелердің қалыптасуы, өз кезегінде, мәдениеттің дамуы мен интеграциялануына жақсы әсерін тигізеді, бірақ қалай дегенде де, электрондық технологияға тәуелділік туындап отырғанын мойындау керек. Ал электрондық технология болмаса, мәдениеттің дамуы, мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен интеграциялануына тағы да теріс әсер етеді [5; 15].

Михаил Лермонтовтың айтуынша, «ақпараттық қоғам» деген терминді ғылыми айналымға алғаш енгізген Токио технология университетінің профессоры Ю. Хаяши. Осы терминнің мәні мен қызметі оның қоғамның дамуының белгілі бір сатысын көрсетуімен бірге, қоғамдағы әлеуметтік құрылымның кіндігіне айналғанын көрсетуімен де құнды болып саналады. Ғалымның айтуынша, макроконтенттік жүйелер қызмет ете бастаған кезде әлеуметтік-мәдени құрылымдар қандай күйде болуы мүмкін екенін әзірге болжау қиын. Өйткені ол әлеуметтік құрылымдар өз қызметін желілік формада және соған сай басқару тетіктері арқылы ұйымдастыратын болса, оны басқару жөнінде қазіргі күнге дейін әзірге толыққанды нұсқаулар мен зерттеулер жоқ.

Әрине, мәдениеттердің интеграциялануы процесінде макроконтенттік, жаһандық мәдениет кеңістігінің қалыптасуы көз алдымызда өтіп жатқандықтан, оған дайындық та жүруі тиіс екендігі белгілі. Осы мәселе жөнінде «Түркістан» газетіне берген сұхбатындағы Тұрсын Ғабитовтың келесі пікірін келтіруге болады: «Жаһанданған әлемдік тенденцияны алып қарасаңыздар, жаңа заманауи тың технологиялармен жаңғыруда. IT мамандығының өзі бір төбе. Жаңа форматтағы білім жүйесі ауадай қажет. Өскелең ұрпақ Z ұрпақтарына жатады. Олар инновациялар мен идеяларға, ақпараттық қарым-қатынастарға икемді. Көптеген антропологтардың жорамалдауынша, Z ұрпақтары Альфа ұрпақтарына ауысады-мыс. Альфа ұрпақтары — интеллектуалды ұрпақ. Жасанды интеллекті мен табиғи интеллектінің үлкен синтезі. Демек, өте ақылды ұрпақ келе жатыр деген сөз. Міне, өзгеріс! Біз соған дайын болуымыз керек, сол арқылы оларға бар мүмкіндікті жасауымыз керек... Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру жастарды тәуелсіз және еркін ойлауға үйретеді. Ой еркіндігі, пікір дербестігі — қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Оған ақын-жыраулар дүниетанымы, би-шешендер және ағартушылар философиясы кепіл. Қалыптасқан пікірлер мен қағидаларға күмәнмен қарау — қазақ ойшылдарының негізгі ұстанымы. Еркін ойлау адамзаттың танымын кенейткен талай-талай ғылыми және техникалық жаңалықтардың ашылуына, өнер мен шығармашылық туындыларының пайда болуына, күрделі саяси-экономикалық мәселелердің шешілуіне себеп болады» [6].

Мәдениеттердің заманауи интеграциялануы барысында қалыптасатын жаһанданған мәдениеттің негізгі сипаттары ретінде осы мәселені зерттеушілер мәдениет құбылыстары мен феномендерін қамтитын белгілі бір кеңістіктегі масштабты қарастырады. Олардың айтуынша, «мәдениеттің жаһандануы» модернизациялану түріндегі мәдениеттің унификациялану процесін білдіреді. Бұл процесс бір емес, бірнеше елдің немесе ұлттың мәдениетін қамтиды. Ал Тамара Арташкинаның пікірінше, «жаһанданып жатқан мәдениет» ұлттық мәдениеттің жаңалану процесінің сапалы сипаттамасы болып табылады [7; 106].

Қазіргі әлемдегі жаһандану мен мәдениеттің өзара байланысы туралы қарастырған Р. Садықова, М. Мырзабеков т.б. өз мақалаларында айтуынша, «мәдениеттің жаһандануы» деген термин XX ғасырдың 80-жылдарында пайда болды. Мақала авторлары мәдениеттің жаһандануының оң қыры мен теріс жақтарын талдайды. Мәдениеттің жаһандануының оң қыры халықтар байланыс аясының ке-

неюімен, мәдени байланыстардың көбеюімен, коммуникацияның барлық дерлік түрін қолдана отырып, ақпарат алмасудың жеңілдеуімен, экономикалық байланыстың нығайуымен анықталады. Мақалада мәдени саясат мемлекеттің (сонымен қатар жеке тұлғалардың) қаржыландыратын, реттейтін және мақсатты түрде жүзеге асыратын, ұлттың мәдени мұрасын сақтауға, дамытуға және арттыруға бағытталған араласу жүйесі деп анықталады. Сонымен қатар, мәдениеттің жаһандануының теріс жағын да айтып өтеді, яғни мәдениеттер өздерінің бірегейлігін жоғалту қаупі жаһандану қарқындаған сайын күшейе түседі. Миграция процесіндегі ел ауып көшкендердің өздерінің атамекенінде қалған мәдениеттің элементтерін құрмет тұтып, соларды қолдануға тырысатындығы да мәдениетін жоғалтып алмауға деген ұмтылыстың бір көрінісі болып табылады [8; 9]. Мәдениеттің жаһандануы туралы талдау жасай келе авторлар Р. Садықова, М. Мырзабеков бірқатар мәселелерді көтереді, олар:

- мәдени саясат саласында мынадай сұрақтар жиі көтеріледі: ұлттың мәдени мұрасын қалай сақтау керек және барлық этнос пен әлеуметтік топтарға қолжетімді ме?
- қолданылатын тілдердің барлығы бірдей мәртебеге ие ме және елдің мәдени және тілдік кемсітуінде ме?
- ресми мемлекеттік тіл ата-бабасының тілі ме, әлде отаршылдықтың мұрасы ма?
- қандай дәрежеде аз ұлттардың тілдері мемлекет тарапынан қолдау тауып отырады?
- бұл тілдер қоғамдағы мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерді сақтау, тіл топтары антагонизмінің кеңеюі мен тарылуы үшін қаншалықты қолданылады? деген сұрақтардың қоғамды көп толғандыратын мәселе екенін атап көрсетеді [8; 11].

Авторлардың түйіндеуінше, жаһанданудың көпқырлы күрделілігіне қарамастан, жаһандану заманауи мәдениет пен өнердің дамуында оң үрдіс болып табылады. Белгілі бір жергілікті аяда дамыған мәдениеттің халықаралық мәнмәтінге енуіне мүмкіндік беріледі. Мәдениеттің жаһандануы әртүрлі елдердің мәдени құндылықтары алмасуға, дәстүрлердің жақындасуына ықпал етеді. Мәдениет пен өнердегі заманауи түрлі бастамалар, жаңашылдықтар, нарықтың дамуына, бұқара халықтың рухани дамуына өз үлесін қосады.

Әзірбайжан мәдениетінің жаһандануға қатысуы туралы зерттеген Р. Мехбалиевтің мақаласындағы мәдениеттердің жаһандануына қатысты өзіндік ерекше ойларын түйіндеген көптеген пікірлерімен келісуге болады. Атап айтқанда, «жаһанданумен күресу үшін, әлде оның құндылықтарын тізгіндеу үшін басқа жолмен жүріп, бірде сабанның астындағы судай жүріп, бірде тасқындай ағып, бірақ мақсаттан ешқашан адаспау керек. Бірақ бұл белгілі бір мағынада мүмкін емес сияқты. Осы кезде көне қытай данышпандарының мына бір сөзі ойға оралады: «Қатты жел соқса, оның алдын алу үшін биік және берік қабырғаларды салудың қажеті жоқ, тек жел диірмендерін салып, қатты желді басқаларға пайдалану керек. Мақсаты — энергия алу» [9]. Ал, жаһандану жағдайында біз қорғай алатын мақсат қандай болуы мүмкін? Мақсат — ұлттық мемлекеттілігімізді жоғарыдан және төменнен қысымға қарсы заманауи және тиімді ету арқылы оның шекарасындағы барлық халықтың бақыты мен жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету. Ұлт мемлекетті не үшін қорғауымыз керек? Өйткені ұлттық мемлекеттің саяси шекарасында барлық азаматтардың әл-ауқаты мен бақытын қорғай алатын басқа саяси билік пен саяси институт жоқ... Посткеңестік елдер жапондар мен корейлер сияқты бүгінгі қоғамға қажетті мәдениетті ғана емес, ертеңгі қоғамға қажет мәдениетті жасауы керек... Мұсылман қоғамдары тарих бойында өзге дін мен мәдениет өкілдерімен бірге өмір сүруде мол тәжірибе жинақтаған. Ислам дүниежүзілік тарих сахнасында пайда болған кезде ол адамзаттың мәдени тәжірибесінің барлығына дерлік, оның ішінде римдік, гректік, парсылық, месопотамиялық, африкалық және үнділік (содан кейін қытай және қиыр шығыстық) елдердің ой-пікірі мен географиялық ерекшеліктерін қамтыды. Ислам мәдениеті «басқа мәдениеттерді» жау ретінде, жойылуы тиіс күрделі мәселе туғызатын күш ретінде емес, адам болмысын одан сайын байытатын құндылық ретінде қабылдайды. XVIII-XIX ғасырларда ислам әлемінде пайда болған Батысқа қарсы реакциялық қозғалыстар жасанды түрде жасалды, бірақ сол кездегі жан түршігерлік қысымдарға қарамастан, мұсылман халықтарында нацистік және фашистік қозғалыстар сияқты нәсілшілдік тенденциялар дамымаған» [9], – деген пікірі қолдауға тұратын дұрыс ой деп санаймыз.

Мәдениеттердің жаһандануына байланысты айтқанда, ұлттық мәдениетін ерекше сақтауға көңіл бөлетін үнділік зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында авторлардың көзқарастарындағы келесідей ерекшеліктері байқалды. Жаһандану — экономика мен қоғамдардың интеграциялануы және соның нәтижесінде түрлі мәдениеттердің өзара тығыз байланысқа түсуі, араласуы. Жаһандану — дүниежүзіндегі көзқарастардың, пікірлердің және мәдениеттің әртүрлі аспектілерінің алмасуының нә-

тижесі. Жаһандану халықтардың әлеуметтік, қаржылық, саяси және өзара өмір сүруіне қатты әсер етеді.

Үнділік ғалым Риту Агарвал өзінің мақаласында жаһанданудың үнді қоғамы мен мәдениетіне әсер етуі туралы кең түрде талдау жасайды. Автордың пайымдауынша, көптеген гипотетикалық зерттеулер жаһанданудың әртүрлі негізгі мәселелерге қатысты адамдардың әлеуметтік болмысын зерттеуге бетбұрыс жасап отырғанын атап көрсетеді. Ғалым жаһандануды қоғамдық тәртіптер мен экономикалардың араласуы, ой ағындары, хат алмасу, инновациялар, капитал, жеке тұлғалар, қаржы, тауарлар, әкімшіліктер, қызметтер және ақпарат алмасуы деп түсіндіреді. Үнділік ұлттық ерекшеліктер жаһандану дәуірі басталғалы қарқынмен өзгерістерге ұшырауда екенін Р. Агарвал да кең талдай отырып жазады. Атақты үнділік фестивальдар мен әлеуметтік құндылықтар жаһандану әсерінен өзгеріп барады, солардың ішінде, айталық:

- қонақтарды бар шынайылығымен қабылдаудан гөрі, жай бас қосу сияқты қабылдау;
- үлкендерді жыл лебізбен қарсы алу, сыйлаудан гөрі, оларды қарттар үйіне тапсыру;
- кішігірім мерекенің өзін үлкен бірлік пен бейбітшілік символы ретінде тойлаудан гөрі отбасы ішінде атап өте салу;
- «намасте» деп ұлттық сәлемдесудің орнына «Hi», «Hello» деп амандасу;
- «Холи» және «Дивали» мейрамынан гөрі «Валентин күнін» ерекше күтіп, мейрамдау сияқты тағы басқа толып жатқан жаңа құндылықтар ағыны көбейіп келеді [10; 302].

Доктор Чанд Баша өзінің жаһандануға байланысты мақаласында жаһанданудың Үндістанның үнділік білім мен үнділік экономикаға негізделген қоғамына жаңа ғылыми жаңалықтар алып келгенін көрсетеді. Жаһандану процесі үнділік білім мен мәдениетке үздіксіз өзгерістер әкеліп, үнді мәдениетінің жаһандану барысында пайда болған жаңа мәдениетін қалыптастыру үстінде.

Үндістандағы экономикалық, саяси және мәдениеттегі модернизациялар процесі көзге көрінетін және санада сақталған мәдениет пен мәдени дәстүрлерге де өзгерістер алып келуде.

Үнділік ұлттық киімнен бастап, тілдік ерекшеліктері, музыка, гендерлік қарым-қатынас, балаларды асырап алу, озық технологияға қатысты іс-әрекеттер, киноның қарқынмен дамуы, әлеуметтік ортадағы қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен тіпті ұлттық би өнері де, тіпті тамақтану салты мен ұлттық мейрам-мерекелер мен фестивальдер өткізу — барлығы да жаһанданудың ықпалын сезінуде, өзгеруде, жаңа болмысқа енуде.

Жаһандану процесі отбасының құрылымының өзгеруіне де өз әсерін тигізіп отыр. Ағайындыққа негізделген отбасылар енді дербес отбасы болып бөлінуде. Үнділік дәстүрлер өзгеріп, қарттар үйінің саны көбеюде. Жастар арасында отбасының ажырасуы көбейіп отыр. Жаһандану үнділік салт-дәстүр жүйесіндегі діни ықпалдың деңгейін төмендетіп, діни гуру мен астрологияның рөліне де жаңа көзқарастар туындатуда [11; 852].

Ұлттық мәдениетінің іргесі тереңде орналасқан деп саналатын елдердің бірі ретінде Жапонияда жаһанданудың мәдениетке, соның ішінде жапондық мәдениетке тигізетін оң және теріс ықпалы туралы зерттеулерде келесі мәселелерге назар аударылған.

Кей Накагама өзінің жүргізген арнайы зерттеуінің нәтижесін баяндай келе, «жаһандану» сөзінің үйреншікті болып кеткеніне назар аудартады. «Жаһандану» сөзінің тарихи даму жолын барлай отырып, бұл сөздің мағынасы жалпы, жалпақ сияқты болғанымен, бүкіл әлемге ықпалын тигізетін күштің атауы болып отырғанына назар аударады.

«Жаһандану» сөзін «интернационализм» сөзімен байланыстыра талдай келе, Жапонияда алғаш рет 1987 жылы 9 қазандағы мақалада Асахи Симбун газет мақаласында қолданғанын айтады. Сонымен бірге әріптестерімен біріге отырып, осы зерттеу нәтижесінде жаһандану перспективасы туралы кітап жазылғанын атап өтеді.

Бір назар аударылатын тұсы, жаһандану процесінің ерекшеліктерін Кей Накагама Валлерстайнның «әлемдік жүйе» моделі мен Карл Маркстік капиталистік экономика теориясымен байланыстыра қарастырады.

«Жаһандық қала» (Глобал Сити) туралы қарастыра келе, ол қаланы капиталдың шоғырланған жері деп көрсетеді. Бұл қалада ұлттық мәдени құндылықтар мен жаһандық мәдени құндылықтар ерекше өріле байланысқан. Осындай «Жаһандық қала» (Глобал Сити) қала болуға Токионың әбден лайықты екенін «Жаһанданудың перспективасы» тұрғысынан түсіндіруі де автордың зерттеу жұмысының көздеген мақсатын айқын танытады.

Токионың жаңа қоғамдық кеңістіктер трансформациясының нақты үлгісі ретінде сипатталып, ол жапондықтардың ұлттық бірегейліктеріне қатысты зор сілкініс тудырғанын атап өтеді [12].

Америка Құрама Штатының мәдениетіне жаһандану процесінің тигізетін ықпалы туралы Эмили Камминс өзінің оқу құралында «жаһандану» процесінің ерекшеліктерін талдай келе, өзіндік тұрғыдан тыңғылықты шешімдер ұсынады. Оның айтуынша, «жаһандану» процесі әлемдегі елдер, адамдар арасында мәдени идеялар мен музыка, кино сияқты мәдениет өнімдерін, технологияның өзара алмасуына ерекше ықпал етуде.

АҚШ барлық уақытта мультимәдениеттік қоғам болып келгені белгілі. Автор осы жерде «melting pot» терминін еске салып, оны Американың мәдениетін сипаттауда көп қолданатынын атап кетеді. Дегенмен де, осы мультимәдениеттік қоғамға жаһандану процесінің тиген ықпалы орасан зор деп айтады. Қазіргі уақыттағы америкалық қоғам мәдениетінің түрлілігі мен саны жағынан көптігі ересен. Осындай қоғамда жаһандану процесінің өтілуінде ұлт өкілдерінің өзара мәдениет құндылықтармен алмасуы да қарқынды өтіп жататынын дәлелдер арқылы көрсетеді.

Э. Камминстің ойынша, мәдениет пен өнер әлеміне жаһандану процесінің тигізіп отырған ықпалы АҚШ ұлттарының арасындағы ғана емес, тіпті мемлекеттер арасындағы шекараны да білдіртпейтіндей болып дамып келеді. Бірақ жұмыс орындарына шетелден жұмысшылар келуінің, аутсорингтің, арзан жұмыс қолы болғандықтан, жергілікті американдықтардың жұмысқа тұруына кері әсер ететіні белгілі [13].

Еуропалық Одақтың еуропалық интеграциялық түзілім құру, қалыптасу, қызмет ету және даму барысы туралы қабылданған құжаттарында, атап айтқанда, «Еуропалық Қауымдастық пен Еуропалық Одақтың Құрылтай келісімшарттары» [14], Еуропалық Одақ саммиттері қабылдаған «Ақ кітап», «Жаңа кітап», заңнамалық актілердің жобалары, Еуроодақ Кеңесінің мәдениетке қатысты шешімдері, декларациялары [15], ЮНЕСКО-ның мәдениет және оны қорғау, сақтау туралы Конвенциясы [16] тағы басқа құжаттарында мәдениет саласындағы мәдениет интеграциясы мен мәдениеттердің жаһандану барысындағы дамуы туралы мәселелер белгіленген, талданып көрсетілген. Келесі тармақтарда ЕО мәдениетке қатысты құжаттарға кеңірек тоқталғандықтан, бұл жерде ақпарат берумен шектелеміз.

Мәдени сантүрлілік жер бетіндегі мәдени кеңістікті құрай отырып, өзінің ішкі түрлілігін сақтап қалу мәселесін өзектілікпен күн тәртібіне қойып отыр. Ғалымдар жаһандану процесінің мәдени түрлілік толыққандылығына зиянын тигізуі мүмкін екенін айтып, дабыл қағуда. Адамзаттың бір тобының екінші топқа үстемдік құруға ұмтылысы кері байланысты туғызып, өзара алақөздікке әкелу қаупін де жаһандану барысында айқын сезінуге болады. Саны аз халықтар өздерінің ана тілі мен өзінің төл мәдениетінің қазынасынан да тез айрылып қалып жатқанын заманауи процестер көрсетіп отыр.

Белорус ғалымдары Пашко Р.Г., Пашко Е.В. өздерінің жаһандану жағдайындағы мәдениеттердің өзара ықпалдасуы, интеграцияның түпнегіздері туралы мақаласында кең талдау жасап, соның ішінде еуропалық мәдениеттердің дамуында христиандық пен исламның алатын орны ерекше деп атап көрсетеді. Сонымен бірге, авторлар жаһандану жағдайындағы мәдениетке, оның даму бағытына, руханилық тұрғыдан талдау жасап, өз көзқарастарын білдіреді [17; 278].

Жаһандану процесіндегі мәдениет менеджментінің ерекшелігін тануда канадалық философ Маршалл Маклюэн ұсынған «Ғаламдық ауыл» (global village) тұжырымдамасын ескеру қажет деп санаймыз. «Ғаламдық ауыл» идеясын Маклюэн электрондық коммуникациялық құралдардың пайда болуымен және барлық адамдардың қолжетімді құралы болуымен байланысты ұсынды. Визуалды адамнан электронды адамға айналған заманауи адам болмысындағы өзгерістер жаңа сипаттарға ие болуына негіз болды. Ол сипаттар:

- коммуникация мен коммуникациялық құралдардың сан түрінің синтезделіп берілуі;
- коммуникациялық процестердің қарқындылығы мен бұқаралығы;
- коммуникациялық және ақпараттық процестердің жаһандануы [18; 193].

«Ғаламдық ауыл» идеясының мәдениеттердің жаһандануына қатысы, біздің ойымызша, жеке адамдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияға байланысты психологиясы өзгеруі, қарым-қатынас жасау этикетінің өзгеруі, мәдени құндылықтарға деген аялы сезімі өзгеруі, жаһандану процесіне бейімделуі арқылы көрінеді. Бұл идея мәдениеттің жаһандануына қатысты аспектілерінде әлі де жан-жақты зерттелуді керек етеді деп ойлаймыз.

Экономика саласының жаһандануы халықаралық байланыстың кеңеюіне мүмкіндік туғызып, мәдениеттегі менеджментті ұлттаралық деңгейге көтереді. Түрлі ұлт мәдениетінің менеджменттік жүйесі өзара бір-бірімен байланыс құрып, полимәдениетті ұйымдар пайда бола бастайды. Жаһандану жағдайында мәдениеттегі менеджмент жаңа білім ізденіп, адамзат үшін құндылық болып табылатын мәдениет туындыларымен жасалатын түрлі деңгейдегі ұйымдастыру жұмысын және түрлі саяси,

элеуметтік топтармен сыйластықты қарым-қатынас құра алатын, барлық ұлттың мәдениетін аксиологиялық тұрғыдан құрметтей алатын саналы мамандарды керек етеді.

Жаһандану процесінің ықпалымен мәдениет ұйымдарын басқару негіздері де өзгеруде. Жаңа стратегиялық ұстанымдар пайда болып, мәдениеттегі менеджменттің де мазмұнына жаңалықтар көптеп ену үстінде. Мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне септігі тиетін бағыттар мен тәсілдерді іздеу және ұстану заманауи стратегиялық міндет болуы тиіс. Мәдениеттегі менеджменттің көздейтін стратегиясы саннан сапаға қарай жүру жолын ұстану. Өйткені күн артқан сайын жаһандану процесінің жаңа қырлары пайда болып, мазмұны толығу үстінде.

Қорытынды

Жаһандану жағдайындағы қазақстандық мәдениет менеджментінің сәтті интеграциялық процесстерге енуі үшін арнайы стратегиялық қадамдар анықталуы, дұрыс үйлестірілуі маңызды. Мәдениеттегі менеджменттің дұрыс ұйымдастырылуы мен стратегиялық менеджменттің ерекшеліктері туралы еңбектерді талдау барысында оның (стратегиялық менеджменттің) ұйымда маңызды рөл атқаратыны туралы, бірден тактикаға көшпей, алдымен стратегияны анықтап алудың орны зор екенін көреміз [19; 24]. Халықаралық мәдени кеңістікке интеграциялану процесі мәдениеттегі менеджменттің стратегиясын да анықтап бере алады. Олардың қатарында келесілерді атауға болады.

1) Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа түрлері пайда болған сайын оларды мәдениет бұйымдарының, мәдени қызмет көрсетудің экономикалық тартымдылығын кеңейту мақсатында уақыт оздырмай қолдану стратегиясы.

2) Қазақстандық мәдениет менеджментінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, нарықтың жаңа заңдарымен байланыстыратын орта құру стратегиясы.

3) Мәдениеттегі менеджментті дамытудың жаңа әдістерін уақытымен және сапалы қолдану арқылы Орталық Азияда, түркі тілдес елдер арасында, еуразиялық жүйеде осы саладағы көшбасшылыққа бетбұрыс жасау стратегиясы.

4) Дистанциялық менеджмент құралын қолданудың тиімді тетіктерін анықтау, осы бағыттағы жұмыстарды халықаралық тәжірибені үйрене отырып ұйымдастыру арқылы географиялық ара қашықтықты қысқарту мүмкіндігін пайдалану [20].

Осы мақалада қарастырылған мәдениеттегі менеджмент пен халықаралық мәдени кеңістікке интеграциялану мәселесі бойынша халықаралық деңгейде ғылыми және тәжірибелік зерттеу жұмыстарының мол екендігі анықталды. Десек те, арнайы зерттеу нысаны ретінде қазақстандық мәдениеттегі менеджмент саласында бұл мәселенің әлі де тың екендігі, қарастырылуы тиіс мәселелердің көп екендігі анық. Болашақта уақыт оздырмай қолға алынуы тиіс осы сала қазақстандық мәдениет менеджментінің еліміздің, ұлтымыздың тек рухани қазынасы ретінде статискалық күйде қалмай, экономикалық қазына ретінде де динамикалық болмысы анықталып, оны ұйымдастыру тетіктері нақтылануы керек. Өйткені, мәдениеттердің интеграциялануы мәдениеттегі менеджмент саласын одан әрі пысықтап, талдауды қажет ететін сұрақтардың бірі. Біздің мақаламыздың мақсаты да сол. Мәдениет саласындағы менеджментті, яғни басқаруды заман талаптарына сай қайтадан қарастыруды қажет етуде.

Әдебиеттер тізімі

1 Попков В.А. Глобализация и культура / В.А. Попков // Вестн. Тамбов. ун-та. Сер. Гуманитарные науки. — 2009. — №12. — С. 258–262.

2 Hassi Abderrahman. Globalization and culture: three scenarios [Electronic resource] / Hassi Abderrahman & Storti, Giovanna. — 2012. — Access mode: https://www.researchgate.net/publication/300386582_Globalization_and_Culture_The_Three_H_Scenarios.

3 Корытина М.А. Культурная глобализация: феномен, сущность, противоречия процесса / М.А. Корытина // Изв. Саратов. ун-та. Новая сер. Сер. Философия. Психология. Педагогика. — 2016. — 16 (4). — С. 381–387.

4 Чернышова А.А. Культура как объект управления: автореф. дис. ... канд. культурол. наук. Спец. 24.00.01 — «Теория и история культуры» / А.А. Чернышова. — Челябинск, 2005. — 24 с.

5 Лермонтов М.Ю. Управление культурой как макроконтентной системой в условиях информационной глобализации: автореф. дис. ... д-ра культурол. наук. Спец. 24.00.01 — «Теория и история культуры» / М.Ю. Лермонтов. — М., 2006. — 44 с.

6 Ғабитов Т. Өте ақылды ұрпақ өсіп келе жатыр [Электрондық ресурс] / Т. Ғабитов // «Түркістан» газеті. — 2021. — Қолжетімділік тәртібі: <https://turkystan.kz/article/146157-tursyn-gabitov-ote-akyldy-urpak-osip-kele-zhatyr/> 25.12.2022.

- 7 Арташкина Т.А. Глобализация культуры как культурно-историческая проблема / Т.А. Арташкина // Гуманитарные исследования в Восточной Сибири и на Дальнем Востоке. — 2014. — №3. — С.105–114.
- 8 Sadykova, Raikhan et al. The interaction of globalization and culture in the modern world. 2nd World Conference on Design, Arts and Education DAE-20137 Procedia - Social and Behavioral Sciences. — 2014. — 122. — P. 8-12.
- 9 Mehbaliyev R. QLOBALLAŞMA VƏ MƏDƏNİYYƏT: AZƏRBAYCAN MƏDƏNİYYƏTİ QLOBALLAŞMA DÖVRÜNDƏ. Azərbaycan Gənclər Parlamentinin üzvü. — 2010. — Giriş rejimi: <https://www.turansam.org/makale.php?id=142016.12.2022>.
- 10 Agarwal R. The Effects of Globalisation on Indian Society and Culture / R. Agarwal // IJRAR — International Journal of Research and Analytical Reviews. — 2019. — No 6 (2). — P. 301-304. E ISSN 2348–1269.
- 11 Chand Basha P. Socio-cultural impact of Globalization on Indian Society / Basha P. Chand // International Journal of Research in Social Sciences. — 2018. — No 8 (11). — P. 845-855. ISSN: 2249-2496.
- 12 Nakagawa, Kei. “Globalization” When does it start and where does it go? / Kei, Nakagawa. Oguma Study Group T Oguma Study Group (web-sfc-keio-ac-jp.translate.goog). — 2009.
- 13 Cummins, Emily. How Globalization Impacts Culture in the United States [Electronic resource]. — 2017. — Access mode: <https://study.com/academy/lesson/how-globalization-impacts-culture-in-the-united-states.html>.
- 14 The founding treaties of the European Community and the European Union [Electronic resource]. — 1992. — Access mode: https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=LEGISSUM:eu_union.
- 15 Summaries of EU legislation. Culture [Electronic resource]. — 1985. Access mode: https://eur-lex.europa.eu/content/summaries/summary-10-expanded-content.html#arrow_1001.
- 16 Convention Concerning the Protection of the World Cultural and Natural Heritage [Electronic resource]. — 1972. — Access mode: <https://whc.unesco.org/en/conventiontext/>.
- 17 Пашко Р.Г. Взаимодействие культур в условиях глобализации / Р.Г. Пашко, Е.В. Пашко // К вопросу об основаниях интеграции: сб. докл. XXIV Междунар. Кирилло-Мефодиевских чтений. — Минск: Образовательный центр «Мефодий и Кирилл», 2019. — С. 274–281.
- 18 McLuhan, Marshall. The Gutenberg Galaxy: The Making of Typographic Man / Marshall, McLuhan. — University of Toronto Press. — 1962.
- 19 Бердалиев К.Б. Стратегиялық менеджмент / К.Б. Бердалиев. — Алматы: Ассоциация ВУЗ Казахстана. — 2011. — 317 б.
- 20 Шульгина Ю.В. Глобализация и стратегический менеджмент [Электронный ресурс] / Ю.В. Шульгина. Образовательный портал «Справочник». — 2021. — Режим доступа: https://spravochnik.ru/medzhment/globalizaciya_i_strategicheskiy_menedzhment/.

Г.С. Касбаева, Бюлент Шенай, Р.А. Кемербай

Менеджмент в культуре и интеграция в международное культурное пространство

В статье рассмотрены научные и исследовательские работы по проблеме менеджмента в культуре и интеграции в международное культурное пространство. В современную эпоху глобализации налажены дружба и уважение, взаимопонимание и сотрудничество между народами и странами, и, прежде всего, важно установить культурные связи через знания, углубить корни культурных отношений с учетом научного доверия, взаимопонимания. В качестве основных характеристик глобализированной культуры, формирующейся в ходе современной интеграции культур, исследователи данной проблемы изучают масштабы в определенном пространстве, включающие явления и феномены культуры. Для того, чтобы казахстанский менеджмент культуры в условиях глобализации вошел в успешные интеграционные процессы, важно определить, правильно скоординировать специальные стратегические шаги. Основная цель статьи — донести влияние и значение менеджмента в культуре и интеграции в международное культурное пространство. Как многонациональное государство, если мы сможем установить и защитить свои границы с четкой целью, это будет одним из величайших достижений человечества. Любое государство, в свою очередь, уделяет огромное внимание защите указанных выше ценностей, поскольку понимает, что с государственной точки зрения другие институты не обладают компетенцией решать именно эти вопросы. Учитывая, что будущее состоит из сегодняшнего дня, очевидно, что темпы роста этой отрасли находятся в наших руках, а отрасль, в свою очередь, является одним из инструментов существования новой страны, которая в будущем не только духовно укрепит страну, но и побудит нас двигаться вперед в качестве экономической сокровищницы. Главной компетенцией сферы менеджмента в культуре является не только организация плана культурных мероприятий в масштабах республики, но и пропаганда культурных ценностей.

Ключевые слова: Казахстан, международная культура, культурное пространство, глобализация, интеграция, менеджмент, нация, цивилизация.

Cultural management and integration into the international cultural space

The article deals with scientific and practical research work on the issue of cultural management and integration into the international cultural space. In the modern era of globalization, friendship and respect, mutual understanding and cooperation between peoples and countries have been established, and, above all, it is important to establish cultural ties through knowledge, deepen the roots of cultural relations, taking into account scientific trust and mutual understanding. As the main characteristics of a globalized culture, which is being formed in the course of modern integration of cultures, the researchers of this issue consider the scale in a certain space, including the phenomena and cultural phenomena. Kazakhstan's cultural management in the context of globalization has entered into successful integration processes, it is important to determine, correctly coordinate special strategic steps. The main purpose of the article is to convey the influence and importance of cultural management and integration into the international cultural space. As a multinational state, if we can establish and protect our borders with a clear purpose, this will be one of the greatest achievements we have reached. Any state pays great attention to the protection of the above values, because it understands that from the state point of view, other institutions do not have the competence to resolve precisely these issues. Considering that the future consists of today, it is obvious that the growth rate of this industry is in our hands, and the industry is also one of the instruments for the existence of a new country, which in the future will not only spiritually strengthen the country, but also encourage us to move forward as an economic treasure trove. The main competence of the sphere of cultural management is not only the organization of the plan of cultural events throughout the republic, but also the promotion of cultural values.

Keywords: Kazakhstan, international culture, cultural space, globalization, integration, management, nation, civilization.

References

- 1 Popkov, V.A. (2009). Globalizatsiia i kultura [Globalization and culture]. *Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki — Bulletin of the Tambov University. Series: Humanities*, (12), 258–262 [in Russian].
- 2 Hassi, Abderrahman & Storti, Giovanna (2012). Globalization and culture: three scenarios. Retrieved from https://www.researchgate.net/publication/300386582_Globalization_and_Culture_The_Three_H_Scenarios.
- 3 Korytina, M.A. (2016). Kulturnaia globalizatsiia: fenomen, sushchnost, protivorechiia protsessa [Cultural globalization: phenomenon, essence, contradictions of the process]. *Izvestiia Saratovskogo universiteta. Novaia seriya. Seriya Filosofii. Psikhologii. Pedagogika — Bulletin of the Saratov University. New episode. Series Philosophy. Psychology. Pedagogy*, 16 (4), 381–387 [in Russian].
- 4 Chernyshova, A.A. (2005). Kultura kak obekt upravleniia [Culture as an object of management]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Chelyabinsk [in Russian].
- 5 Lermontov, M.Yu. (2006). Upravlenie kulturoi kak makrokontentnoi sistemoi v usloviakh informatsionnoi globalizatsii [Managing culture as a macro-content system in the context of information globalization]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Moscow [in Russian].
- 6 Gabitov, T. (2021). Ote aqyldy urpaq osip kele zhatyr. “Turkistan” gazetii — “Turkestan” newspaper [A very smart generation is growing up. “Turkistan” newspaper]. Retrieved from: <https://turkistan.kz/article/146157-tursyn-gabitov-ote-akyldy-urpak-osip-kele-zhatyr/> [in Kazakh].
- 7 Artashkina, T.A. (2014). Globalizatsiia kulture kak kulturno-istoricheskaiia problema [Globalization of culture as a cultural and historical problem.]. *Gumanitarnye issledovaniia v Vostochnoi Sibiri i na Dalnem Vostoke — Humanitarian research in Eastern Siberia and the Far East*, 3, 105–114 [in Russian].
- 8 Sadykova, Raikhan et al. (2014). The interaction of globalization and culture in the modern world. *2nd World Conference on Design, Arts and Education DAE-20137 Procedia — Social and Behavioral Sciences*, 122, 8-12.
- 9 Mehbaliev, R. (2010). QLOBALLAŞMA VƏ MƏDƏNİYYƏT: AZƏRBAYCAN MƏDƏNİYYƏTİ QLOBALLAŞMA DÖVRÜNDƏ. *Azərbaycan Gənclər Parlamentinin üzvü*. Retrieved from: <https://www.turansam.org/makale.php?id=1420> 16.12.2022.
- 10 Agarwal, R. (2019). The Effects of Globalisation on Indian Society and Culture. *IJRAR — International Journal of Research and Analytical Reviews*, 6 (2), 301-304. E ISSN 2348–1269.
- 11 Chand, Basha P. (2018). Socio-cultural impact of Globalization on Indian Society. *International Journal of Research in Social Sciences*, 8 (11), 845-855. ISSN: 2249-2496.
- 12 Nakagawa, Kei. (2009). “Globalization” When does it start and where does it go? Oguma Study Group T Oguma Study Group (web-sfc-keio-ac-jp.translate.google.com).
- 13 Cummins, Emily (2017). How Globalization Impacts Culture in the United States. <https://study.com/academy/lesson/how-globalization-impacts-culture-in-the-united-states.html>.
- 14 The founding treaties of the European Community and the European Union (1992). https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=LEGISSUM:eu_union.

- 15 Summaries of EU legislation. Culture (1985). https://eur-lex.europa.eu/content/summaries/summary-10-expanded-content.html#arrow_1001.
- 16 Convention Concerning the Protection of the World Cultural and Natural Heritage. (1972). <https://whc.unesco.org/en/conventiontext/>.
- 17 Pashko, R.G. & Pashko, E.V. (2019). Vzaimodeistvie kultur v usloviakh globalizatsii [Interaction of cultures in the context of globalization]. *K voprosu ob osnovaniakh integratsii: sbornik dokladov XXIV Mezhdunarodnykh Kirillo-Mefodievskikh chtenii — To the question of the bases of integration: collection of reports of XXIV International Cyril and Methodius Readings. Minsk: Obrazovatelnyi tsentr «Mefodii i Kirill»* [in Russian].
- 18 McLuhan, Marshall (1962). *The Gutenberg Galaxy: The Making of Typographic Man*. University of Toronto Press.
- 19 Berdaliev, K.B. (2011). *Strategiialyq menedzhment* [Strategic management]. Almaty: Assotsiatsiia VUZ Kazakhstana [in Russian].
- 20 Shulgina, Yu.V. (2021). Globalizatsiia i strategicheskii menedzhment. Obrazovatelnyi portal «Spravochnik» [Globalization and strategic management. Educational portal “Reference book”]. Retrieved from: 15.01.2021. https://spravochnick.ru/menedzhment/globalizaciya_i_strategicheskii_menedzhment/ [in Russian].

Букетов университет